

ЖШС ««Бөбек kids» жеке бөбекжайы

АНЫҚТАМА

«Баланың бөбекжайға бейімделуі: психологиялық тұрғыда көмек беру»

Мақсаты: Ата-аналарға баланың бөбекжайға бейімделу кезеңінің психологиялық ерекшеліктері туралы түсінік беру, баланың жаңа ортаға жеңіл үйренуіне көмектесетін тиімді тәсілдермен таныстыру және ата-ана мен педагог арасындағы ынтымақтастықты нығайту

Бөбекжайға бару – әрбір баланың өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл – баланың үйдегі қауіпсіз әрі таныс ортасынан шығып, жаңа адамдармен, жаңа ережелермен және жаңа ортада өмір сүруді үйренетін алғашқы әлеуметтік тәжірибесі.

Бейімделу кезеңі тек бала үшін ғана емес, ата-ана үшін де толғанысқа толы уақыт. Кейбір балалар жаңа ортаға бірнеше күнде үйренсе, енді біреулерге бірнеше апта немесе ай қажет болуы мүмкін. Бұл – қалыпты жағдай. Әр баланың мінезі, темпераменті, даму ерекшелігі әртүрлі болғандықтан, олардың бейімделу қарқыны да әрқалай болады.

Бейімделудің басты мақсаты – баланың өзін бөбекжайда қауіпсіз, жайлы әрі сенімді сезінуіне жағдай жасау.

Бөбекжайға қиын бейімделу себептері

- Ата-анадан алғаш рет ұзақ уақытқа ажырауы;
- Жаңа орта мен адамдардан қорқуы;
- Күн тәртібінің өзгеруі;
- Өзін-өзі күту дағдыларының жеткіліксіздігі;
- Басқа балалармен қарым-қатынас жасау тәжірибесінің аз болуы;
- Ата-ананың шамадан тыс алаңдаушылығы немесе қорқынышын балаға көрсетуі;
- Бөбекжай туралы жағымсыз пікір қалыптастыруы;
- Баланың жиі ауыруы немесе денсаулығының әлсіз болуы;
- Баланың мінез ерекшелігі (ұялшақтық, сезімталдық);
- Бөбекжайға алдын ала психологиялық дайындықтың болмауы.

Ертеңгілік қоштасудың жеңіл тәсілдері

- Баланы күлімдеп, жылы көңіл күймен шығарып салыңыз.
- Қысқа уақыт құшақтап, бетінен сүйіңіз.
- «Мен сені жақсы көремін», «Кешке міндетті түрде келемін» деп сенімді түрде айтыңыз.
- Өздеріңізге ғана тән қоштасу рәсімін жасаңыз (қол бұлғау, алақан түйістіру, «бестік» беру).
- Қоштасуды ұзаққа созбаңыз, қайта-қайта оралмаңыз.
- Бала жыласа да, сабырлы болып, сенімді дауыспен қоштасыңыз.
- Баланың назарын тәрбиешіге немесе қызықты ойынға аударыңыз.
- Тәрбиешімен бірге баланы жылы қарсы алу дәстүрін қалыптастырыңыз.

Есте сақтаңыз: Ата-ананың сабырлылығы мен сенімділігі балаға қауіпсіздік сезімін береді және оның бөбекжайға тезірек бейімделуіне көмектеседі.

Ата-аналарға сауалнама «Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?»

Балаңыздың аты – жөні: _____

1. Балаңыздың көңіл - күйі - қандай?

А) Көңілді

Ә) Мазасыз

Б) көңіл - күйі төмен

2. Балаңыз қалай ұйықтайды?

А) тез ұйықтайды

Ә) жай

Б) тыныш

Г) тынымсыз

3. Балаңыз ұйықтату үшін не істейсіз? Әрекетіңіз _____

4. Балаңыздың ұйқысы қанша уақыт?

А) 2 сағат

Ә) 1 сағаттан кем емес

5. Балаңыздың тәбеті қандай?

А) жақсы

Ә) тамақты таңдап жейді

Б) тамаққа тәбеті төмен

6. Балаңыздың қандайда бір теріс әрекеті бар ма?

А) емізік сорады, саусаған сорады т. б. _____

Б) ондай теріс әрекеті жоқ.

7. Балаңыз түбекке (горшокқа) отырғанда қалай қарайды?

А) өздігінен отырады

Ә) отырғысы келмей жылайды

8. Үйдегі жаңа заттарға немесе ойыншықтарға балаңыз назар аудара ма?

А) ия

Ә) жоқ

Б) кейде

9. Балаңыз қалай ойнайды?

А) өзі ойнайды

Ә) жалғыз өзі ойнамайды.

11. Балалармен қарым - қатынасы?

А) тез түседі

Ә) таңдап

Б) қиын

12. Балаңыз сіздерден бөлектеніп көрді ме?

А) ия

Ә) жоқ

Б) бөлектенгенде жеңіл көтереді

Г) қиын

Жауабыңызға рахмет.

педагог – психолог Г.М.Айткалиева

ЖШС ««Бөбек kids» жеке бөбекжайы
АНЫҚТАМА
Күн тәртібі – бала денсаулығының негізі

Меңгерушінің ата-аналарға кеңесі

Әрбір ата-ана өз баласының дені сау, белсенді, білімге құштар және бақытты болып өскенін қалайды. Ал осының негізі – дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі.

Күн тәртібі – бұл белгілі бір уақытта ұйықтау, тамақтану, ойнау, серуендеу және демалу ғана емес, баланың денсаулығын нығайтатын, тәртіпке үйрететін өмір салты.

Балабақшада әрбір іс-әрекет баланың жас ерекшелігіне сәйкес жоспарланады. Уақытылы таңғы жаттығу жасау, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу, тынығу және дамытушы ойындар баланың дене және психикалық дамуына оң әсер етеді. Осы тәртіпті үй жағдайында да сақтай білсек, бала өзін қауіпсіз сезініп, жаңа ақпаратты оңай қабылдайды.

Кейде ата-аналар демалыс күндері баланың режимін өзгертіп жатады. Бұл ұйқының бұзылуына, тәбеттің төмендеуіне және көңіл күйінің тұрақсыз болуына әкелуі мүмкін. Сондықтан демалыс күндері де күн тәртібін мүмкіндігінше сақтауға кеңес береміз.

Бала тәрбиесінде балабақша мен отбасының мақсаты ортақ. Сондықтан тәрбиешімен үнемі байланыста болып, балаңыздың жетістіктері мен қиындықтарын бірге талқылаңыз. Өзара түсіністік пен ынтымақтастық баланың жан-жақты дамуына берік негіз қалайды.

Есте сақтаңыз!

- Баланы күн сайын бір уақытта ұйықтатып, бір уақытта оятыңыз.
- Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз.
- Күн сайын таза ауада серуендеуге уақыт бөліңіз.
- Телефон мен теледидар алдында өткізетін уақытты шектеңіз.
- Белсенді ойын мен тынығу уақытын үйлестіріңіз.
- Үйдегі күн тәртібін балабақшадағы режиммен сәйкестендіріңіз.

Құрметті ата-аналар!

Баланың бүгінгі дұрыс күн тәртібі – оның ертеңгі мықты денсаулығының, жақсы оқу үлгерімінің және жарқын болашағының кепілі. Балаларымыздың дені сау, тәртіпті, білімді болып өсуі үшін отбасы мен балабақша әрдайым бірлесе әрекет етейік!

ЖШС ««Бөбек kids» жеке бөбекжайы
БАЯНДАМА
«Бейімделу кезеңінде балалардың денсаулығын сақтау»

Мақсаты: Бейімделу кезеңінде балалардың денсаулығын сақтау жолдарын қарастыру, ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысының маңызын түсіндіру.

Баланың бөбекжайға алғаш келуі – оның өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл уақытта бала жаңа ортаға, күн тәртібіне, тәрбиешіге және құрдастарына бейімделеді. Осындай өзгерістер баланың психологиялық жағдайына ғана емес, денсаулығына да әсер етеді. Сондықтан бейімделу кезеңінде баланың денсаулығын сақтау – ата-ана мен педагогтердің ортақ міндеті.

Бейімделу әр балада әртүрлі өтеді. Кейбір балалар жаңа ортаға тез үйренсе, енді біреулерінде бұл кезең бірнеше аптаға немесе бірнеше айға созылуы мүмкін. Сондықтан баланың ерекшелігін ескере отырып, оған қолайлы жағдай жасау қажет.

Бейімделудің бала денсаулығына әсері

Бала жаңа ортаға келген кезде оның ағзасы эмоционалдық және физикалық жүктемеге тап болады. Соның салдарынан:

- иммунитеттің уақытша төмендеуі;
- тәбеттің нашарлауы;
- ұйқының бұзылуы;
- жылауықтық пен мазасыздық;
- тез шаршау;
- суық тию ауруларына бейімділік байқалуы мүмкін.

Бұл өзгерістер көбіне уақытша болады және бала жаңа ортаға үйренген сайын біртіндеп азаяды.

Баланың денсаулығын сақтаудың негізгі жолдары

1. Күн тәртібін сақтау

Бөбекжайдағы күн тәртібін үй жағдайында да ұстану баланың жаңа ортаға тез бейімделуіне ықпал етеді. Уақытылы ұйықтау, тамақтану және серуендеу ағзаның қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

2. Дұрыс тамақтану

Баланың күнделікті ас мәзірі дәрумендерге бай, құнарлы әрі теңгерімді болуы қажет. Көкөністер, жемістер, сүт өнімдері мен ақуызға бай тағамдар иммунитетті нығайтады.

3. Таза ауа және қимыл-қозғалыс

Күн сайын таза ауада серуендеу, қимылды ойындар ойнау және дене жаттығуларын орындау баланың ағзасын шынықтырып, аурулардың алдын алады.

4. Ұйқының жеткілікті болуы

Мектеп жасына дейінгі балалардың толыққанды демалуы олардың денсаулығы мен эмоционалдық тұрақтылығы үшін өте маңызды.

5. Жеке бас гигиенасы

Қолды сабындап жуу, таза киім кию, жеке заттарды пайдалану жұқпалы аурулардың таралуының алдын алады.

Психологиялық жайлылықтың маңызы

Баланың денсаулығы тек физикалық емес, психологиялық жағдайына да байланысты.

Бейімделу кезеңінде:

- баланы асықтырмау;
- оны басқа балалармен салыстырмау;

- жетістігін мақтап отыру;
- жылы сөз айтып, қолдау көрсету;
- тәрбиешімен тығыз байланыста болу маңызды.

Өзін қауіпсіз әрі жақсы көретінін сезінген бала жаңа ортаға тезірек бейімделеді.

Ата-аналарға ұсыныстар

- Баланы бөбекжайға тек дені сау кезінде әкеліңіз.
- Үйде дұрыс күн тәртібін сақтаңыз.
- Таңертеңгілік жаттығуды әдетке айналдырыңыз.
- Баламен күн сайын сөйлесіп, оның көңіл күйіне назар аударыңыз.
- Бөбекжай туралы тек жағымды пікір қалыптастырыңыз.
- Баланың жетістіктерін мақтап, сенім білдіріңіз.
- Тәрбиешімен үнемі байланыста болып, ақпарат алмасып отырыңыз.

Педагогтердің рөлі

Тәрбиеші әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, мейірімді қарым-қатынас орнатуы қажет.

Жылы қарсы алу, қызықты ойындар ұйымдастыру, балаларды мадақтау және қолдау көрсету олардың жаңа ортаға сеніммен бейімделуіне ықпал етеді.

Қорытынды

Бейімделу кезеңі – әрбір баланың өміріндегі табиғи әрі маңызды кезең. Осы уақытта баланың денсаулығын сақтау үшін ата-ана, тәрбиеші және медицина қызметкері бірлесе жұмыс істеуі қажет. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі, сапалы тамақтану, таза ауа, жеткілікті ұйқы және жылы психологиялық орта баланың денсаулығын нығайтып, бөбекжай өміріне жеңіл бейімделуіне мүмкіндік береді.

«Бала тілі – бал» зияткерлік ойыны

Мақсаты Балалардың тілдік қорын молайту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, логикалық ойлауын, тапқырлығын, есте сақтау қабілетін жетілдіру. Ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып, сөз мәдениетін қалыптастыру.

Жүру барысы:

Зияткерлік ойын барысында:

1. Тапқыштар әлемі
2. Мозайка құрастыру
3. Ширату сұрақтары
4. Сиқырлы әріптер

Мультфильм көрсету «Қошқар мен теке»

Қатысушыларды шақыру

1. «Тапқыштар әлемі» әр тоопқа берілген логикалық тапсырмаларға тез әрі нақты жауап беру. Әр дұрыс жауапқа 1 асықтан беріледі.
2. «Мозайка құрастыру» құрастырға нмозайка бойынша сипаттап әңгімелеу
 - бұл не?
 - Ол қандай дыбыс шығарады?
 - Пайдасы мен зияны барма?
 - Ол туралы ертегі білесің бе?
3. «Ширату сұрақтары» сұрақтарға жауап беру
 - Ол бәріміздің үйімізде бар. Төрбұрышты, түсі қара. Оның басқаратын тетігі бар. Біз одан көптеген бағдарламалар, мультфильмдер, кино қараймыз (теледидар)
 - Ол байланыс қызметі. Бәріміздің үйімізде бар. Ол шырылдаса аламыз. Ағайындармен, достармен сөйлесеміз (телефон)
 - Ол жүреді. Оны папамыз жүргізеді. Жанармай арқылы жүреді.төрт дөңгелеі бар. Сонымен қыдырамыз (машина)
4. «Сиқырлы әріптер» Әріптерге қатысты сөздер айту
5. Мультфильм «Қошқар мен теке» тамашалау

Әкем, шешем және мен» қысқы эстафеталық сайыс

Мақсаты: Отбасы мүшелерінің бірлескен әрекетін нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, ептілікке, жылдамдыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар және сүйкімді бүлдіршіндер!

Қыс – ақ ұлпа қарымен, көңілді ойындарымен, шат күлкісімен ерекше мезгіл. Бүгін біз барлығымызды біріктірген «Әкем, анам және мен – қысқы эстафеталық ойын» атты отбасылық спорттық мерекемізге қош келдіңіздер!

Бүгінгі сайыста жеңістен бұрын ұйымшылдық, достық және көтеріңкі көңіл күй маңызды. Ендеше, барша қатысушыларға сәттілік тілейміз!

(Әуенмен командалар ортаға шығады.)

Жүргізуші:

Қарсы алайық, бүгінгі мерекеміздің басты кейіпкерлері – біздің белсенді отбасыларымыз!
(Командалар таныстырылады.)

1-эстафета «Аққала құрастыр»

Жүргізуші:

Қыс десе көз алдымызға аппақ қар мен әдемі аққала келеді. Ендеше алғашқы тапсырмада өздеріңіздің ептіліктеріңізді көрсетіңіздер.

Шарты:

Әке, ана және бала кезекпен жүгіріп барып, аққаланың бөлшектерін орналастырады. Соңында аққаланы толық құрастырады.

(Музыка ойнайды.)

2-эстафета «Қар атысу»

Жүргізуші:

Қыстың ең қызықты ойындарының бірі – қар атысу. Бірақ біз бүгін дәлдік бойынша жарысамыз.

Шарты:

Әр қатысушы кезекпен жасанды қарларды шелекке лақтырады. Ең көп дәл тигізген отбасы жеңімпаз атанады.

3-эстафета «Пингвиндер жарысы»

Жүргізуші:

Қыс әлемінде пингвиндер ерекше қимылдайды. Кәне, бүгін өзімізді пингвин сезініп көрейік.

Шарты:

Допты тізенің арасына қысып, секіріп барып, белгіленген жерден айналып қайту.

4-эстафета «Шанамен серуен»

Жүргізуші:

Қыстың ең көңілді қызығы – шанамен сырғанау!

Шарты:

Әке немесе ана баланы шанамен мәреге дейін апарып, кері қайтарады.

5-эстафета «Қар тазалаушылар»

Жүргізуші:

Қар көп жауған соң, оны тазалау да қажет болады.

Шарты:

Күрекпен жасанды қарларды жинап, себетке салу.

Музыкалық үзіліс

Балалардың қыс туралы биі немесе әні орындалады.

Қорытынды**Жүргізуші:**

Міне, бүгін біз тағы бір мәрте отбасының бірлігі мен татулығы – ең үлкен байлық екеніне көз жеткіздік.

Барша қатысушыларымызға шын жүректен алғыс айтамыз. Балалардың қуанышы, ата-аналардың қолдауы – біздің ең үлкен жетістігіміз.

Ендігі кезекте марапаттау рәсіміне шақырамыз!

(Барлық командаларға дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталады.)

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар, балалар!

Қысқы мерекеміз сіздерге көтеріңкі көңіл күй, ұмытылмас әсер сыйлады деп сенеміз.

Келесі кездескенше, аман-сау болыңыздар!

Отбасындағы және мектепке дейінгі жастағы балалардың қауіпсіздігі (Психолог кеңесі)

Құрметті ата-аналар!

Баланың қауіпсіздігі – оның денсаулығы мен бақытты өмірінің басты кепілі. Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып-білуге құмар келеді. Сондықтан оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті.

Үйдегі қауіпсіздік

- Баланы үйде ұзақ уақыт жалғыз қалдырмаңыз.
- Дәрі-дәрмек, тұрмыстық химиялық заттар, өткір және электр құралдарын бала қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Терезелерге арнайы қорғаныш орнатып, баланың терезеге өздігінен шығуына жол бермеңіз.
- Газ және электр құрылғыларын пайдалану ережелерін ересектердің бақылауымен ғана көрсетіңіз.

Көшедегі қауіпсіздік

- Балаға жол қозғалысы ережелерін күнделікті қайталап отырыңыз.
- Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, олармен бірге ешқайда бармау керектігін түсіндіріңіз.
- Қоғамдық орындарда баланы қараусыз қалдырмаңыз.
- Серуен кезінде қауіпсіз ойын алаңдарын таңдаңыз.

Интернет қауіпсіздігі

- Баланың телефон немесе планшет қолдану уақытын бақылаңыз.
- Жасына сәйкес келетін мультфильмдер мен ойындарды ғана таңдаңыз.
- Жеке мәліметтерді бөтен адамдарға беруге болмайтынын қарапайым тілмен түсіндіріңіз.

Психологиялық қауіпсіздік

- Баланы қорқытпай, сабырмен тәрбиелеңіз.
- Күн сайын оның көңіл күйіне қызығушылық танытып, еркін сөйлесуіне мүмкіндік беріңіз.
- Баланың ойын тыңдап, пікірін құрметтеңіз.
- Жылы сөз, мейірім мен қолдау баланың өзіне деген сенімін арттырады.

Ата-аналарға ұсыныс

Баланың қауіпсіздігі ең алдымен ересектердің жауапкершілігіне байланысты. Үлгі бола отырып, қауіпсіздік ережелерін бірге орындаңыз, балаңыздың әр жетістігін қолдап, оның өзіне сенімді тұлға болып қалыптасуына ықпал етіңіз.

Есіңізде болсын:

«Қауіпсіз балалық шақ – бақытты болашақтың негізі!»

Балабақша психологы

«Бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдердің орны» АТА-АНАЛАРМЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Мақсаты:

Ата-аналарға қазақ халқының мақал-мәтелдері арқылы балаға ұлттық тәрбие беру жолдарын насихаттау, отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтардың маңызын арттыру және тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау.

Қатысушылар: Ата-аналар, педагогтер.

Көрнекіліктер: Мақал-мәтелдер жазылған карточкалар, нақыл сөздер, презентация, флипчарт.

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар!

Бүгінгі «Бала тәрбиесіндегі мақал-мәтелдердің орны» атты дөңгелек үстелімізге қош келдіңіздер!

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Тәрбие барысында мақал-мәтелдерді кеңінен қолданып, ұрпағын еңбекқорлыққа, адамгершілікке, үлкенді сыйлауға, білімге ұмтылуға баулыған. Бір ауыз мақалдың өзі бала санасына терең ой салып, өмірлік бағдар бере алады.

Сұрақтар:

- Отбасыңызда мақал-мәтелдер қолданыла ма?
- Қандай мақал-мәтелдерді балаңыз жиі естиді?
- Мақал-мәтел арқылы тәрбиелеудің қандай пайдасы бар деп ойлайсыз?

Ата-аналардың пікірлері тыңдалады.

«Мақалды жалғастыр» ойыны

Жүргізуші мақалдың басын айтады, ата-аналар жалғастырады.

- Оқу – ... *(білім бұлағы, білім – өмір шырағы.)*
- Ұяда не көрсең... *(ұшқанда соны ілерсің.)*
- Әдепті бала... *(арлы бала.)*
- Еңбек етсең... *(ерінбей, тояды қарның тіленбей.)*
- Ана көрген... *(тон пішер.)*
- Әке көрген... *(оқ жонар.)*
- Бірлік бар жерде... *(тірлік бар.)*
- Тәрбие басы... *(әдеп.)*

Жағдаяттарды талқылау

1-жағдаят:

Бала ойыншықтарын жинағысы келмейді. Осындай жағдайда қандай мақал-мәтел айтып, қалай түсіндірер едіңіз?

2-жағдаят:

Бала үлкендермен амандаспайды. Қандай халық даналығын қолданар едіңіз?

3-жағдаят:

Бала бастаған ісін аяқтамайды. Қай мақал орынды деп есептейсіз?

«Отбасымыздың сүйікті мақалы»

Әр ата-ана өз отбасында жиі қолданылатын мақал-мәтелді айтып, оның тәрбиелік мәнін түсіндіреді.

Қорытынды

Жүргізуші:

Мақал-мәтел – халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесі мен тәрбиелік тағылымы. Балаға күнделікті өмірде орынды айтылған әрбір мақал оның ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал етеді.

Бала тәрбиесі – бір күндік жұмыс емес, ол күн сайын айтылған жылы сөзден, көрсетілген үлгіден және халық даналығынан басталады.

Бүгінгі кездесуге белсенді қатысқандарыңыз үшін баршаңызға алғыс айтамыз!

Қорытынды сөз:

«Халық даналығы – ұрпақ тәрбиесінің алтын қазығы. Ұлттық тәрбиені мақал-мәтелмен ұштастырған отбасының берекесі артып, баласының болашағы нұрлы болады.»

«Бөбекжаймен тығыз байланыстың нәтижесі»

Ата-аналарға арналған кеңес

Құрметті ата-аналар!

Баланың жан-жақты дамуы үшін отбасы мен бөбекжайдың бірлескен жұмысы өте маңызды. Бала күнінің басым бөлігін бөбекжайда өткізсе, тәрбиенің негізі отбасында қаланады. Осы екі ортаның өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы бала тәрбиесінің сапасына тікелей әсер етеді.

Бөбекжаймен тығыз байланыстың нәтижесі:

- Баланың балабақшаға бейімделуі жеңіл әрі тез өтеді.
- Баланың бойында өзіне деген сенімділік қалыптасады.
- Тәрбие мен білім беру талаптарының бірізділігі сақталады.
- Баланың мінез-құлқы мен қабілетін дер кезінде анықтап, дамытуға мүмкіндік туады.
- Баланың қарым-қатынас мәдениеті, жауапкершілігі және дербестігі дамиды.
- Отбасы мен педагог арасындағы сенім мен сыйластық нығаяды.
- Баланың оқу-тәрбие үрдісіне деген қызығушылығы артады.

Ата-аналарға ұсыныстар:

- Балабақша тәрбиешілерімен және мамандармен тұрақты байланыста болыңыз.
- Ата-аналар жиналыстары мен іс-шараларға белсенді қатысыңыз.
- Баланың жетістіктерін бірге талқылап, туындаған мәселелерді уақытында шешуге тырысыңыз.
- Үйде балабақшада үйренген дағдыларды қолдап, қайталап отырыңыз.
- Баланың алдында педагог туралы әрдайым жылы пікір білдіріп, құрмет көрсетуге үлгі болыңыз.
- Баланың әрбір жетістігін бірге қуанышпен атап өтіп, оны жігерлендіріңіз.

Қорытынды

Бала тәрбиесі – ортақ жауапкершілік. Отбасы мен бөбекжай арасындағы сенімді қарым-қатынас балаға өзін қауіпсіз сезінуге, жаңа білімді қызығушылықпен меңгеруге және тұлға ретінде үйлесімді дамуына мүмкіндік береді.

Есіңізде болсын:

«Бала тәрбиесіндегі ең үлкен жетістік – ата-ана мен педагогтың бір мақсатта, бір бағытта әрекет етуі.»

**«Балаңыз мектепке дайын ба?»
Ата-аналарға арналған сауалнама**

Құрметті ата-ана!

Сауалнама сұрақтары

1. Балаңыз мектепке барғысы келе ме?
2. Жаңа нәрселерді білуге қызығушылық таныта ма?
3. Өз есімі мен тегін толық айта ала ма?
4. Өз жасын және ата-анасының аты-жөнін біле ме?
5. 10-ға дейін санап, кері санауды орындай ала ма?
6. Қарапайым есептерді шеше ала ма?
7. Түстерді, пішіндерді және көлемдерді ажырата ала ма?
8. Қарындашты дұрыс ұстап, сурет салып немесе бояй ала ма?
9. Өз ойын анық әрі түсінікті жеткізе ала ма?
10. Қысқа ертегі немесе әңгімені тыңдап, мазмұнын айтып бере ала ма?
11. Берілген тапсырманы соңына дейін орындай ма?
12. Ересектердің нұсқауын мұқият тыңдап, орындай ма?
13. Құрдастарымен тіл табысып, бірге ойнай ала ма?
14. Өз заттарына ұқыпты қарай ма?
15. Киіну, шешіну, аяқ киімін кию сияқты әрекеттерді өздігінен орындай ала ма?
16. Қолын жуып, тазалық ережелерін сақтай ма?
17. Белгілі бір уақыт бойы (15–20 минут) бір іспен айналыса ала ма?
18. Өз эмоциясын басқарып, сабыр сақтай ала ма?
19. Қиындық туындағанда ересектен көмек сұрай біле ме?
20. Күн тәртібін сақтауға дағдыланған ба?

Нәтижесін бағалау

34–40 балл –

Балаңыз мектепке жақсы дайын. Ол жаңа ортаға бейімделуге және оқу әрекетін бастауға қажетті дағдыларды меңгерген.

24–33 балл –

Дайындық деңгейі жақсы. Кейбір дағдыларды күнделікті жаттығулар арқылы жетілдіру ұсынылады.

12–23 балл –

Қосымша дайындық қажет. Үй жағдайында оқу, жазуға дайындық, сөйлеу және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамытуға көңіл бөліңіз.

0–11 балл –

Балаға жүйелі қолдау қажет. Педагогтармен және мамандармен бірлесе отырып, мектепке дайындық жұмыстарын күшейткен жөн.